

ЦИТАТА ДНЯ

Питер ШТУРМ,
ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ДИРЕКТОР
АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ»:

«**НЕОБХОДИМО ПОВЫШАТЬ УРОВЕНЬ ОБСЛУЖИВАНИЯ КЛИЕНТОВ ЗА СЧЕТ ВНЕДРЕНИЯ НОВОЙ СИСТЕМЫ МЕНЕДЖМЕНТА КАЧЕСТВА. ВОПРОСЫ КАЧЕСТВА ЭКИПИРОВКИ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ, А ТАКЖЕ ВНЕДРЯЕМОГО НОВОГО СТАНДАРТА ПО КЛИНИНГУ И ОСНАЩЕННОСТИ САНИТАРНО-ГИГИЕНИЧЕСКИМИ СРЕДСТВАМИ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ БУДУТ НА ПОСТОЯННОМ КОНТРОЛЕ У РУКОВОДСТВА КОМПАНИИ**»

ИТОГИ

СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ЗАДАЧИ ВЫПОЛНЕННЫ

За первое полугодие текущего года дочерней организацией АО «НК «ҚТЖ» – АО «KTZ Express» – организовано 2 812 контейнерных поездов. Об этом сообщено во время совещания в АО «KTZ Express» при участии заместителя председателя правления по логистике АО «НК «ҚТЖ» Павла Соколова. В ходе совещания были отмечены лучшие сотрудники компании и подведены итоги работы за первое полугодие.

Также во время мероприятия в честь профессионального праздника – Дня работников транспорта – высшей профессиональной наградой – знаком «Почетный железнодорожник» отмечена заместитель генерального директора по продажам Мадина Ахметжанова.

Кроме того, звания лучших сотрудников по итогам 6 месяцев 2020 года удостоились менеджер департамента по обслуживанию клиентов Динара Турсынбаева, менеджер департамента продаж железнодорожных перевозок Гулжан Коспаева, главный менеджер департамента продаж контейнерных перевозок Мая Тауекелова и другие работники.

В целом, по итогам 6 месяцев в компании отмечен рост транзитных контейнерных перевозок через территорию Казахстана по всем направлениям.

Во время карантина грузовые поезда курсировали регулярно как внутри страны, так и в международном сообщении через Казахстан в/из Китая назначением на страны Центральной Азии, СНГ, в Европу и Турцию. Рост наблюдается на всех маршрутах. Благодаря слаженной работе коллектива, за первое полугодие KTZ Express было организовано 2 812 контейнерных поездов, – отметил руководитель компании Дмитрий Абдуллаев.

По итогам совещания перед коллективом поставлены стратегические задачи на предстоящее полугодие по улучшению качества сервиса, привлечению дополнительных грузопотоков на маршруты через Казахстан и предоставлению комплексных транспортно-логистических сервисов «под ключ».

Аула ТЛЕУБАЕВА

ЦИФРА НОМЕРА

НА СЕГОДНЯ С ПОМОЩЬЮ МОБИЛЬНЫХ ДИАГНОСТИЧЕСКИХ КОМПЛЕКСОВ ПРОМЕРЕНО БОЛЕЕ

220 000

КИЛОМЕТРОВ ПУТИ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ТОЛАСКЕЗДЕР ТОЛАССЫЗ ЖҮРІП ЖАТЫР...

Бүгінде Қазақстан темір жолының өн бойында жол табанын жопарлы жөндеу жұмыстары қарқын алған. Жаздың соңғы күндері мен алдағы жаймашуақ күз маусымын тиімді пайдалану – жолшылардың дәстүрлі жұмысы. Еліміздің шығыстағы Семей бөлімшесінің жол шаруашылығы үшін қауырт маусым өтіп жатыр.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Семей магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Айдын Шаукежановтың мәлімдеуінше, бірнеше айға созылған карантиннен кейін, бүгінде аймақта пандемияның беті қайтқан соң жол жұмыстары қарқын алуда. Аяғөз жол дистанциясында күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатса, Жаңа-Семей жол дистанциясында да толассыз толассыз өтіп жатыр. Мұнда жолшылар орташа жөндеу жұмыстарына кіріскен. Ал осы бағыттағы жол жөндеу жұмыстарына жұмсалатын құрылыс материалдарын жеткізу ісінде Жаңа-Семей – Шар телімінің 739,9 шақырымында орын тепкен 3-ші класты Суықбұлақ станциясындағы жүк тиеу шаралары маңызды рөл атқарып тұр.

Суықбұлақ станциясы – аймақтың дәл орталығында орын тепкен әрі құрылыс шикізаты өндірілетін бірегей станция. Сол себептен де жазғы жол жөндеу жұмыстары кезінде тәулік бойы қарбаласқа толы болады. Толассыз

өтетін толассыз жол үшін, сондай-ақ, теміржолға қарасты үймереттерді күрделі жөндеуден өткізу кезінде де қажетті қиыршық құм, цемент пен асбест сынды құрылыс материалдарын тиіп, уақытында жөнелтіп отыру керек. Оның үстіне іргелі зауыттардың кеңіс орындары, өндіріс ошақтары осында орын тепкен.

– Жазғы жол жұмыстарының белең алуына орай бүгінде 24 сағат көлемінде тәулік бойы қызмет көрсетуге көштік. Тұрақты түрде тәулігіне 80 вагонға жүк тиіп жолға шығара аламыз. Кейде тапсырыс көлемі күрт артып кететін кездері де болады. Мәселен, қазіргі күні карантиннен кейінгі жол жұмыстарының ширатылуы жүк жөнелтуде біршама салмақ түсіріп тұр, дегенмен бәріне үлгеріп жатырмыз, – дейді Суықбұлақ станциясының басшысы, бүкіл шығыс өңіріне әйгілі Турсынбековтер династиясының өкілі Ернұр Талғатұлы.

Биылғы жазда Суықбұлақ станциясынан жол жұмыстары үшін айына 1 600 вагон жүк тиіліп, жөнелтіліп жатыр екен. Белгіленген жоспар межеден асыра орындалған. Осында

орналасқан үш зауыттың өндіріс көлемін еселеп арттыруы да оған сеп болып отыр. Мәселен, ағымдағы жылдың 6 айы ішінде 7750 вагонның үстінде жүк тиіліп, жолға шығарылған. Бұл көрсеткіштер алдағы уақыттарда жоғарылайды деген болжам да бар. Себебі, Шептіқақ – Жаңа-Семей станциялары аралығындағы жол жөндеу жұмыстарына қиыршық тас тиеу қазіргі күннің өзінде басталып кетті.

Алдағы уақытта Жаңа-Семей жол дистанциясына қарасты телімдер бойынша күшейтілген орташа жөндеу жұмыстарына орай тағы да толассыз орын алмақ. Әйтсе де, шағын ғана Суықбұлақ станциясының ұжымы жұмыс ырғағына төселген, расында да, бәріне үлгеріп жатыр. Қазіргі күні тиелінген құрылыс материалдары негізінен Жаңа-Семей мен Аяғөз станцияларына жеткізіледі. Соңғы уақытта бұл станцияларға әсіресе қиыршық тас пен құм мол көлемде жіберілген.

Суретті түсірген автор

СЕРВИС

ВОЗОБНОВИЛИ ДВИЖЕНИЕ

АО «Пассажирские перевозки» возобновило движение пассажирского поезда №4/3 сообщением Нур-Султан-Нурлы жол – Алматы-2, а также назначило дополнительные рейсы пассажирского поезда из столицы в Усть-Каменогорск.

Поезд №4/3 отправится со столичного вокзала «Нурлы жол» 25, 27, 29 августа и 1, 3, 5, 7, 9, 11 сентября текущего года. Отправлением из Алматы-2 запланировано на 26, 28, 30 августа и 2, 4, 6, 8, 10, 12 сентября.

Кроме того, назначены дополнительные рейсы пассажирского поезда №68/67 сообщением Нур-Султан-Нурлы жол – Оскемен-1

отправлением из столицы 26, 30 августа и 3, 7, 11 сентября и из Усть-Каменогорска – 27, 31 августа и 4, 8, 12 сентября.

Всю информацию о времени прибытия и отправления поездов можно получить по номеру справочной службы 105.

Национальный перевозчик напоминает пассажирам о возможности оформить проездные документы «онлайн», в том числе через официальный сайт BILET.RAILWAYS.KZ.

Кирилл МАКСИМОВ

АКТУАЛЬНО

ЭФФЕКТИВНОЕ РЕШЕНИЕ

Дочерняя организация АО «НК «ҚТЖ» – АО «KTZ Express» – обратилась с обращением и предложением к грузоотправителям для решения проблемы на пункте пропуска «Нур жолы».

Асель ШАЙХЫНОВА

На данный момент из-за ограничительных мер, связанных с пандемией, на казахстанско-китайской границе образовались большие очереди в районе пункта пропуска «Нур жолы», насчитывающиеся более 2 500 автотранспортных средств. Очередь растянулась в 50 километров, фуры стоят более двух с половиной месяцев.



Национальный мультимодальный логистический оператор KTZ Express предлагает эффективное решение для скопившихся здесь грузовых автофур.

На территории сухого порта «KTZE – Khorgos Gateway» создана самая современная транспортно-логистическая инфраструктура, позволяющая бесперебойно осуществлять контейнерные перевозки с возможностью погрузки

грузового автомобиля на контрейлер и отправки на станцию Хоргос (КНР). Загрузка автомобилей может производиться на складских мощностях станции Хоргос, для дальнейшего приема в грузовых составах на терминал сухого порта. Далее, после таможенного оформления грузов в упрощенном порядке – отправка по городам Казахстана.

Кроме того, на территории су-

хого порта ежедневно производится прием крытых вагонов по узкой колее с дальнейшей погрузкой в автофур и доставкой до конечных грузополучателей. Техническая мощность терминала сухого порта позволяет ежемесячно перерабатывать до 1 200 крытых вагонов, а также производить перегруз до 2 400 грузовых автомобилей в месяц. Так, только за июль здесь перегружено 325 крытых вагонов по колее 1435 мм.

Также KTZ Express имеет широкую агентскую сеть представительства в разных странах и крупнейших городах Казахстана, сервисы и контейнерное оборудование компании представлены во всех крупных провинциях Китая. Клиентам KTZ Express гарантирована высокая скорость доставки грузов, надежность, качественный сервис и предоставление наиболее оптимальных ставок на перевозку.

Руководство KTZ Express подчеркивает, что компания открыта для переговоров и готова оказать действенную помощь в разрешении проблемы скопления фур.

Фото автора

АҚПАРАТ

БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ РЕЖИМІНДЕ ӨТТІ

Үстіміздегі жылдың 19-20 тамыз күндері Мәскеу қаласында Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі комиссияның он бесінші отырысы бейнеконференция режимінде өтті. Оған Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Әзербайжан, Армения, Молдова, Тәжікстан, Өзбекстан, Грузия, Латвия, Литва, Эстония теміржол әкімшіліктерінің өкілдерімен қатар Достастыққа қатысушы елдердің теміржол көлігі бойынша Кеңес Дирекциясының өкілдері және басқа теміржол көлігі ұйымдары қатысты.

Қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі комиссия төрағасы Шевкет Шайдуллин төрағалық еткен онлайн режиміндегі жиында қатысушылар Кеңестің негізін құраушы қолданыстағы құжаттарына қайшы келмейді деп бірауыздан мақұлдады. Екі күнге созылған жиынның күн тәртібінде жиырмаға жуық мәселе қаралды. Бірінші мәселеде, Комиссияның он төртінші отырысында қабылданған шешімдердің орындалуы сөз болып, ол туралы Кеңес дирекциясы егжей-тегжейлі ақпарат берді. Екіншісі, 2019/2020 жылдардың бірінші жартыжылдығының жұмыс қорытындылары арналды. Бұл сұрақ бойынша теміржол әкімшіліктерінің аумақтарында және инфрақұрылымдарында қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына әкелген жағдайлар туралы анықтамаларды негізге ала отырып, «1520 кеңістігінде» қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі сөз болды. Келесі бір мәселе, «1520 кеңістігінде» нормативті құжатты әзірлеуге техникалық тапсырманы түзу үшін инфрақұрылым мен жылжымалы құрамға бірінші талап тізімін анықтауға арналаса, ресейлік «НИИАС» АҚ ұйымы «Үлкен деректер» (BIG DATA) цифрлық сервис қолдану негізінде «1520 кеңістігінде» қозғалыс қауіпсіздігін басқаруға қатысты инновациялық тәсілдерді пайдалану туралы ақпарат берді. Күн тәртібінде халықаралық тасымалдау процесіне қатысушы қызметкерлерді оқытудың бірыңғай бағдарламасын әзірлеу мәселесі де тыс қалмады.

Бұл сұраққа қатысты «Ресей темір жолдары» ААҚ, теміржол әкімшіліктері өз ой-пікірлерімен бөлісті. Достастыққа қатысушы елдердің халықаралық қатынасында пайдалану үшін теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін бұзған оқиғалардың Бірыңғай сыныптаушының өзектілендіру туралы Литва теміржолының әкімшілігі ақпарат ұсынды. Және де осы елдің теміржолшыларының темір жолдардың техникалық жағдайын жақсарту туралы ұсынысы күн тәртібінде қарастырылған мәселенің бірінен болды.

Сонымен, бірінші мәселе бойынша, яғни Комиссияның он төртінші отырысының шешімдері толық орындалғаны мәлім болды.

Ал екінші мәселеге келсек, бейнеконференцияға қатысушы елдердің теміржол әкімшіліктері ұсынған анықтамаға сәйкес қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу оқиғаларына қатысты жасалған талдау қорытындылары 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында келеңсіз көрсеткіштер саны 2019 жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 16,8%-ке немесе 395 оқиғаға азайғаны байқатады. Осы ретте, комиссия төрағасы қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу оқиғаларының өсуіне жол берген теміржол әкімшіліктеріне мұндай кемшіліктерді болдырмау үшін қажетті шараларды қабылдауды сұрады.

Кеңестің осы отырысында Комиссия төрағасының орынбасары болып Беларусь темір жолының өкілі Николай Петрович Улашиктің кандидатурасы бекітілді.

Сонымен қатар бірқатар ережелер мен нормативті құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ал Комиссияның он алтыншы отырысын 2021 жылдың наурыз-сәуір айларының бірінде Ресей астанасында өткізуге шешім қабылданды.

Сұлуәл БАКЕЦОВА

ЖАҢАЛЫҚТАР

БАҒЫТТАМАЛАР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУДЕ

ПЧ-53 – шымкенттік жолшылар жыл басынан бері істен шыққан 4 бұрма бағыттамасын анықтады. Мәселен, осы жылдың ақпан айында Түлкібас-Шымкент учаскесіндегі Ынтымақ станциясында электровоздың тоқтауына 9-8 башмақтың арасында тас тұрып қалғаны анықталған.

Екінші оқиға мамыр айында болған. Түлкібас-Арыс учаскесіндегі Састөбе станциясында №2214 пойызын үшінші жолдан жібергеннен кейін басты жолда Р-80 типті Альстом бұрма бағыттамасы жағдайды бақылауға мүмкіндік бермеген. Орын алған кемшілік тез арада жойылып, ретке келтірілді. Салдарынан екі бірдей пойыз 13 минутқа, тағы бір пойыз 7 минутқа кешігіп, жолда тұрып қалды. Болған ақауды анықтай келе башмақтың дер кезінде тазаланып, майланбағаны белгілі болды.

Үшінші жағдай 7 маусым күні Түлкібас-Шымкент учаскесінде болған. Шымкент станциясында қолдан бұрылатын №23 бағыттама кіреберістегі мінуста тұрған жағдайды бақылауға мүмкіндік бермеген. 3290 шақырымдағы 5 пикетте №3501 пойызы – ВЛ80С-2300 электровозы тоқтатылды. Мұнда себепті анықтай келе, башмаққа құм толып қалғаны белгілі болды.

Төртінші жағдай 29 шілде күні Арыс-Түлкібас учаскесіндегі Қорғасын станциясында «Р-80 Альстом» бағыттамасы оң жағдайды бақылап тұратын хабарды бермеген. Салдарынан кіреберісте №2870 пойызы, ВЛ-80С-1158 тоқтатылды. Сондай-ақ, осы күні №34 «Ақтөбе-Алматы» жолаушылар пойызы, ВЛ-80С-2566 электровозы да тоқтатылды. 3278 шақырымдағы 7 пикеттегі орын алған ақау жөнделіп, жарты сағаттан кейін пойыз сапарын жалғастырды. Мұнда да пойыздардың тоқтауына башмақтардың ақауы себеп болған. Жолшылар тез арада орын алған ақауларды ретке келтіріп, қозғалысты әрі қарай қамтамасыз еткен.

Бұдан бөлек, Шымкент станциясында №3/5 бұрма бағыттама секциясында жалған қызыл түс жанып, әлге берген. Салдарынан станциядағы екінші жолда №2210 пойызының электровозы аялдап, уақыт жоғалтқан. Ал 4-ші жолда 2212 пойызы, 0039 электровозы тоқтаған. Олардың тоқтауына оң жақтағы М-9 екі рельстің қосылған жеріндегі берілген белгі себеп болған. Орын алған кемшілікті жолшылар тез арада реттеп шықты.

Маусым айында да Қорғасын станциясында бұрма бағыттамасы учаскеде таблоның пульті бос тұрған жоқ деген жағдай белгі көрсеткен. Мұнда да кіреберістегі пойыздар тоқтатылды. №2305 пойызы 7 минут аялдаса, №2301 және №1273 пойыздары 1 минут кідірді. Пойыздардың тоқтауына сол жақтағы рельстердің түйіскен жердегі бағдаршамның белгі беруі себеп болған.

Мамандар қозғалысқа қауіп төндірмес үшін тозығы жеткен бағдаршамдарды қалпына келтірді.

Жан ПЕРДИБЕК, Шымкент

ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙЛАР ҚАЙТАЛАНА БЕРЕ МЕ?

Жыл басынан бері Жамбыл темір жолында 9 азамат жарақат алып, көз жұмған. Олардың үшеуі жасөспірім екен. Қайғылы жағдайдың жетеуі адам фактісі де, екеуі электр сымдарына қатысты тіркелген. Өткен жылы 8 айдың ішінде екі адам зардап шексе, бала өлімі болмаған. Ал бильғы көрсеткіштің бұлай өсуіне не себеп?

Жуырда осы мәселе төңірегінде бас қосқан сала мамандары мен жергілікті әкімшілік өкілдері темір жолдағы түрлі апатты жағдайлардың алдын алу жағдайын талқылады. Мамандар аталған фактілер тіркелген орындарда болды. Мысалы, Тараз қаласындағы темір жолдың арғы бетінен, яғни Говоров көшесінен Балуан Шолақ көшесіне шығатын тұрса арқа орнатылғанымен, арадағы шойын жолау шпал төселіп, адамдарға арналған қорғаныш жақтаулары қойылмапты. Сондықтан болар, бұл нүктеде бийлыққа 3 жағдай тіркелген. Оған кейде адамдардың сағаттан тұрып қалатын пойыздарды күтпестен асты-үстінен өте салуды да себеп, Темір жол қауіпті аумақ саналатындықтан, темір жол полициясының ең негізгі міндеті де осындай нысандарда адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып отыр.

«Бұл аумақтар ережеге сай емес, темір жолдан өтетін көпір немесе белгіленген орындар жоқ. Сол үшін мұндай оқиғалар орын алған тұста аспалы көпір немесе жерасты өткелі болу керек. Ал маңайында елді мекен орналасқан шойын жол бойы қоршауға алынғаны жөн. Сонда қайғылы оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік артар еді. Бұдан бөлек, адами фактор да әсер етуде, кейбір ата-аналар өздері жолдан өту ережесін бұзып қана қоймай, балаларына деген жауапкершілігінің жоқтығы да кері әсер етуде», – дейді Тараз станциясындағы желілік полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Абдуллақим Баймырзаев. Теміржол мекемесінің бас инженері қауіпті жерлерге өткелдер орнату кезек-кезегімен жүзеге асып жатқанын, қалай қаражат бөлінеді, солай орнататындықтарын жеткізді.

Ал соңғы қайғылы оқиға Шөдалада болған. Ата-анасы жұмыста болған кезде 9 жасар бала темір жол астынан өтетін каналда шомылып жүрген. Темір жолдан кері қарай өтпек болған ол бірінші жолдағы пойыздың өтуін күтіп тұрып, екінші жолдағы келіп қалған пойызды байқамай қалған...

«Ережеге сай бұл жерде жаяу жүргінші жолы орнатылмайды, анда-мұнда қоя сал деген жөнсіз. Ол тек адам көп шоғырланған аумақтарға ғана қойылады. Халық заңды белгілер қойылған тұстан өтуі қажет. Қоршауға келер болсақ, қайғылы оқиға орын алған нүктенің екі жағына 150 метрден, жалпы 300 метрлік қоршау қоймақпыз. Материалдар дайын. Бірақ ол малдың өтпеуі үшін орнатылады. Ал мұндағы балалар жан-жақтан келіп шомылатын каналға қатысты бізге жергілікті әкімдіктің көмегі қажет», – дейді Түлкібас жол дистанциясының бастығы Болат Бурабаев.

Ал Тараз қалалық теміржол желілік полиция бөлімшесінің бастығы Мақсат Дүйсембиевтің айтуынша, қайғылы оқиғалардың орын алуының басты себебі атананың балаларға темір жолдың қауіпті аймақ екенін жете түсіндірмеуінде, оларды сақтандырмауында жатыр. «Екіншіден, кей жерлерде қоршаулардың болмауы себеп. Алдағы уақытта бұл кемшіліктер жойылады деп сенеміз», – дейді ол.

Бұдан бөлек теміржол бойындағы қоқыс мәселесі де өзекті. Жергілікті тұрғындар түнде жарық болмаған соң кейбіреулер қоқысты қаппен, тіпті жүк көліктерімен әкеліп төгіп тастайтынын айтып шағымданды. Сосын оларды теміржолшылар тазалап әлек. Сондықтан, жергілікті әкімдік бұл жерлерде жарық пен бейнекамералар орнатуы – кезек күттірмейтін мәселе. Қайғылы жағдайлар қайталануына бере ме?

Әсел ЖАЙНАҚОВА, Тараз

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

ҚАЗАЛЫДА ЖҰМЫС ҚЫЗҒАН

Екінші класты Қазалы транзиттік станциясы – Қызылорда бөлімшесіндегі маңызды бекеттің бірі. Станциялықтар ағымдағы жылдың басынан бері өздеріне жүктелген тапсырмаларды мінсіз орындап, пойыздық және маневрлік жұмыстар кезінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін толық сақтай білді. Өндірістік көрсеткіштер де межеден асыра орындалып отыр.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Станциялық және кірме жолдарда оқыс жағдай орын алмаған, вагон паркі түгел. Өткен жылы да, был да қауіпсіздік және еңбек қорғау талаптары орындалып, өндірістік жарақат алу жайы тіркелмеген. Станция тынысы мен атқарылған жұмыстар жайлы мәлімет ұсынған станция бастығының



оперативті жұмыстар жөніндегі орынбасары Руслан Мақашовтың айтуынша, қазалылықтар жыл басынан бері 297 вагонға 15242 тонна жүк тиенген. Осы аралықта 2325 вагоннан жүк түсіру нормасын 2799 вагонға жеткізіп, жоспарды 120,3 пайызға асыра орындапты. Қысқасы, барлық көрсеткіштер жоспарға сай, ең кемі 103,1 және 124,1 пайыз аралығында орындалғаны әлеуеті жоғары бекеттің

еңбекқор ұжымының тиімді жұмыс істеп отырғанын дәлелдейді.

Бекетке келген жүк пойыздарын сараптап, қайта құрастыру да ойдағыдай. Жыл басынан бері 56 пойыздың 26606 вагонын ағытып, бөлшектеп, 27592 вагонды 384 пойызға жинақтап, құрастырып жөнелткен. Оған қазалылық теміржолшылардың кірме жолдарға вагондарды беру, оны кері алу, құраманы қайта тіркеу, бір жүк

операциясы кезіндегі вагонның тұруы немесе вагонның жүк операциясы жасалмай бос тұруы секілді жұмыстардың жиынтық көрсеткіштерін қоссақ, станциялықтардың бір тәуліктегі атқарған жұмысының нәтижесі қомақты екенін байқаймыз.

– Екінші класты транзитті станция саналатын Қазалы бекетінде тақ және жүп екі парк бар. Жүк тиеу-түсіру, маневрлік пойыздық жұмыстар осында атқарылады. Үш жол жолаушылар пойызын қабылдап-жөнелтуге арналған. Пойыздардың бекет жолына кесте бойынша қабылданып жөнелтілуінде өзиге кедергі болған емес. Күнделікті жөнелтілетін пойыздардан бөлек қазіргі таңда контейнерлік пойыздар қозғалысына аса мән беріліп отыр, тәулігіне 7-8 контейнер пойыз өткізілуде. Ұжым өзі ісінің мамандары саналатын тәжірибелі теміржолшылардан құралған. Станция кезекшілері Өмірбай Қарабеков, Бақытбек Қараев пен Манас Ізтілеу, станция кезекшісі жанындағы оператор Асылзат Каденова мен Гүлнұр Сисенова, пойыз құрастырушылар Нұрғазы Өтекеш, Мейрамбек Құлмұратов – осы ұжымда бір емес, бірнеше онжылдық еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі теміржолшылар, – дейді бекет бастығының орынбасары Руслан Мақашов.

Станцияда қазіргі эпидемиялық ахуалға байланысты жұмыстардың басымы бөлігі техникалық сабақ, инструктаж секілді білім жетілдіру жұмыстары электронды жүйемен қашықтықтан жүргізілуде.

Суреттерді түсірген автор

ҚАЙТА ТҮЛЕГЕН ҚАРАТАУ

Кешегі келмеске кеткен кеңес үкіметі жылдары фосформен жарты әлемге танылған Жаңатас пен Қаратауды білмейтіндер кемде-кем. «Егіз шаһардай болған қос қала сол кезде тікелей Мәскеуден қаржыландырылып, дүркіреген» деседі көз көргендер. Балапан басынан, тұрымтай тұсына кеткен жылдары тоқырауға ұшырап, тынысы тарылған сол Жаңатас пен Қаратау бүгінде қайта түлеген.

Асхат РАЙҚҰЛ, Жамбыл

Бірін «Қазфосфат» ЖШС-ның «Жаңатас» тау-кен өңдеу кешені аяғынан тұрғыза, бірін «Шолақтау» тау-кен өңдеу кешені өркендетке жетеледі. Өндіріс бар жерде, жүк тасымалы бар. Ал жүк тасымалының иек артары, әрине, темір жол. Бүгінгі таңда Қаратау станциясында құжынаған жүк пойыздары күндіз-түні бір тынбайтын қайнаған тірлік. Арғы жағындағы Жаңатас станциясынан, бергі жағындағы Аса, Тамды сынды шағын станциялардан келетін вагондарды қоса есептегенде, бір айда мұндағы теміржолшылар 17-18 мың шамасында вагонды күтіп алып, 700-800 вагонды шығарып салады екен.

«Біздің аймақта ірі өндіріс ошақтары көп. Жалпы, Сарысу мен Таластың жері табиғи байлықтан кенде емес қой. Мәрмәр тастарын өндіретін «Алина холдинг» ЖШС, «Шолақтау» тау-кен өңдеу кешені, өзге де үлкенді-кішілі кәсіпорындар теміржолдың тасымалын тоқтатпақ емес. Келесі жылдан бастап жұмысымыз тіптен қыза түседі деген ойдамыз. Өйткені, Ресейдің «ЕвроХим» компаниясы ірге қалап жатыр өңірімізде. Жаңатас пен Қаратаудың мыңдаған тұрғынын қазірден жұмыспен қамтуда.



2021 жылдан бастап тауар тасымалын қолға алмақ. Олар да фосфор, уран өндірісін дамытады», – дейді станция директорының орынбасары Ғалымжан Сайлаубек.

Жауапты маманның сөзіне қарағанда, қауіпті іңдетке байланысты қалыптасқан төтенше жағдай, карантиндік режим кезінде де жүк тасымалы көрсеткіштерінде сондай алшақтық байқалмаған. Қаратау станциясының теміржолшылары, міне, бес айдан бері барлық медициналық-санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып еңбек етіп жатыр екен. Жүк тасымалына тапсырыс берушілермен де онлайн режимде байланыс орнатып, жұмыстың денін қашықтан атқаруға

дағдыланған. Құжат толтыру, қабылдау, төлем жасау, қол қою сынды процестердің барлығы дерлік электронды түрде жүзеге асып жатады. Тек станцияның өзінде 24 теміржолшы жұмыс істейді, ал жалпы торап бойынша басқа салаларды қосқанда мұндағы теміржолдың бойында 160-қа тарта адам еңбек етуде.

«Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінен, бастауыш кәсіподақ ұйымдарынан санитарлық талаптарды сақтауға қажетті медициналық бұйымдар үздіксіз жеткізіліп тұрды. Қорғаныш

маскаларымен, қолғаптармен, арнайы киімдермен қызметкерлерімізді толық қамтамасыз еттік. Антисептиктен де тапшылық көрмеді. Сондықтан болар, теміржолшыларымыздың арасында дерт жұқтырғандар болған жоқ», – дейді Ғалымжан Бақытханұлы.

Қаратау станциясының ғимараты сонау кеңес заманында ірге қалғанымен, заманауи көркімен көз тартады. Екі жыл бұрын ғана ағымдағы жөндеуден өтіпті. Жұмысшылардың жағдайлары барынша қамтылған. 2021 жылы жүк кеңсесінің ғимаратын жаңарту жоспарланып отыр екен.

Суретті түсірген автор

КӨКЕЙКЕСТІ

ДАЛА ӨРТІНЕН ҚАУІП АЗ ЕМЕС

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет мекемесі аумағында шілде айының өзінде төрт өрт оқиғасы тіркелді. Төртеуінде де далалық өрт теміржолға қауіп төндіріп, Қандыағаш, Шұбарқұдық, Әйтеке би аумағындағы қызыл жалын өрт сөндіру пойыздарының қатысуымен сөндірілді.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

Өрт сөндірушілер жергілікті аудан және ауылдық округ әкімдеріне ауа райының аптап ыстық күндерінде өрт шығу қаупі жоғары құрғақ шөптерге сақ болуды ескертіп-ақ келеді. Бірақ, өрт қауіп төндірмей тұрмайды. Сол өңірде тіркелген далалық өрттердің барлығы теміржолшылар күшімен сөндірілді. Өрт оқиғасы кезінде белгіленген нұсқаулар бойынша тез қимылдау керек. Қауіпсіздік жұмыстары теміржол мекемелерінен де талап етіледі. Жол жөндеу, екпе ағаштарын қорғау дистанциялары өртке қарсы жер жырту жұмыстарын уақытында жүргізуі тиіс.

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мемлекеттік емес өртке қарсы мекемесінде алты айда профилактикалық жұмыстар үшін 873 тексеріс өткен. Оның ішінде стационарлық нысандар бойынша – 102, жылжымалы құрамалардан 771 кемшілік табылған. Нәтижесінде стационарлық нысандардың мекеме бастышына 21, тоқтан ажыратуға қатысты 7, арнайы жылжымалы құрамдарға 2, жолаушылар вагондарына 3 және локомotive жұмыстарына



қатысты 23 ескерту берілді.

Биыл елімізде наурыз айынан бастап төтенше жағдайдың жариялануына және одан кейін карантин уақыттары белгіленуіне байланысты теміржол мекемелерінің өрт қауіпсіздігін тексеру жұмыстары шектелді. Сонымен қатар жоспарлы өрт-тактикалық жаттығу жұмыстары да уақытына тоқтатылды.

«Төтенше жағдайлар туындағанда барлық өрт сөндіру бөлімдері бекітілген ортақ нұсқаулықтар бойынша әрекет жасады. Бізде 102 маман бар. Шұғыл жағдайда бәрі жауынгерлік сапқа тұруға міндетті. Жауынгерлік есеп өрт сөндіру пойызының

бастығына тікелей байланысты. Біріншіден, бағыт-бағдар, тапсырма берілу, екіншіден, байланыс диспетчеріне ақпараттық хабарлама уақытында жеткізу керек. Қандыағаш өрт сөндіру пойызының бастығы Б.Жанұзақов, Шұбарқұдық өрт сөндіру пойызының бастығы Н.Түленов сынды тәжірибелі мамандар жұмысы ерекше атап өтуге тұрарлық. Өртті сөндіру бірінші міндет болса, екінші міндет оқиғаның себебін анықтап, талдау болып табылады. Ондай жұмыстар тәжірибесі мол инспектор А.Есбулаевқа және аға инспектор Б.Сүйіншалинге тапсырылады», – дейді Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы

қызметінің бастығы Әділ Құбаев.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қарасты өрт сөндіру қызметі теміржол бойында ғана емес, қалада тіркелген өрт оқиғаларының да басынан табылып жүр. Тамыз айының басында Локомотив көшесі 12 «А» мекенжайындағы сегіз пәтерлі үйде тіркелген өрт оқиғасы кезінде қалалық өрт сөндіру қызметі теміржолшылар көмегіне жүгінді. Тұрғын үйдегі қызыл жалын өрт сөндіру пойызының көмегімен ауыздықталған болатын.

Өңірдегі өртке қарсы қызмет бастығының айтуынша, өрт сөндіру пойызының құрамалары ескі, қызмет ету мерзімі өткен. Жыл басынан бері осындай мерзімі өткен құрамаларды Шымкент, Ақтөбестің қалаларында орналасқан вагон жөндеу мекемелеріне жіберіліп, қызмет мерзімі 5 жылға ұзартылыпты.

«Қазіргі қиын жағдайда тығырықтан шығу жолы Нұр-Сұлтан қаласындағы мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет және қалпына келтіру пойыздары департаментінің көмегімен шешілуде. Вагондарымызды уақытылы жөндеуге жіберіп, қаһарлы қыс түскенше сақалдай сай болуға міндеттіміз», – дейді Әділ Құбаев.

Ақтөбе мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі ұжымы – өрттің алдын алу, профилактикалық жұмыстарды жүргізу, өрт оқиғасы орын алса, дер кезінде ауыздықтауға қатысты шеберлігімен танылған мекеме. Тоқсандық қорытынды кезінде мекеменің бірінші үштіктен көрінуі соған дәлел.

Суретті түсірген автор

ПЕРЕВОЗКИ

ПРАВИЛА ДЛЯ ПАССАЖИРОВ

Железнодорожный вокзал Караганды вновь открыт для пассажиров. В настоящее время из шахтерской столицы осуществляются рейсы в Жезказган, Костанай, Нур-Султан, Алматы, Семей, Костанай, Сарыагаш и другие города.



Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам начальника вокзала Багдаулета Жанабаева, на объекте по-прежнему соблюдаются правила на период действия санитарно-карантинных мер.

В частности, в здание допускаются только пассажиры с билетами и только в защитных масках. На стендах вокзала размещены информационные плакаты и памятки, ведется трансляция видеороликов о необходимости соблюдения профилактических мер и

рекомендуемой социальной дистанции в 1,5 метра. Уборка общих и служебных помещений осуществляется по утвержденному графику и с использованием моющих и дезинфицирующих средств. В залах ожидания увеличено расстояние между секциями сидений. Пассажиры обязательно должны рассаживаться в шахматном порядке. По громкоговорящей связи их просят соблюдать меры профилактики и держать дистанцию, чтобы исключить возможность заражения коронавирусной инфекцией.

Ежедневно на вокзале функционирует медпункт, который укомплектован необходимыми медикаментами для оказания первой помощи. В случае недомогания врачи определяют общее состояние, измеряют давление. Если у пассажира наблюдается кашель, насморк, высокая температура, то медики вызывают скорую помощь. Напомним, после реконструкции площадь вокзала расширилась на 1600 квадратных метров и составляет 3900 квадратных метров. На сегодняшний день пропускная способность составляет от 4 до 7 тысяч пассажиров в сутки, а количество посадочных мест увеличилось с 417 до 670 мест. Пропускная способность вокзала увеличилась в 2,5 раза.

Фото автора

ПУТЕВЫЕ РАБОТЫ

В НАМЕЧЕННЫЕ СРОКИ

Капитальный ремонт путей в Костанайском регионе перевалил за половину.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Адильбек Касымгалиев, уже практически на 99% завершены ремонтные работы нечетного пути на участке Казанбасы – Опановка, где уже капитально отремонтировано 8,9 километра, порядка двух ки-

лометров из 12 запланированных четного пути – на участке Казанбасы – Аманкарагай. Также ведутся работы по ремонту еще 30 километров четного пути на участке Опановка – Казанбасы и 10 километров четного пути на участке Притобольское – Опановка. Все работы планируется завершить в сентябре.

– Конечно, свои коррективы в наши графики внес коронавирус, – говорит Адильбек Касымгалиев. – Но мы уверены, что в намеченные сроки уложимся. Ведь в нынешнем году проводим самый масштабный капитальный ремонт путей за все последние годы. В ходе нынешних весенне-летних работ планируется капитально отремонтировать 64 километра железнодорожных путей.

Для сравнения: в 2019 году в регионе было капитально отремонтировано порядка 21,171 километра пути по участку Тобол – Есиль, в 2018-м году в совокупности – 52,6 километра.

– Будут полностью заменены рельсы, шпалы, крепление, щебен, балластное покрытие, – продолжает Адильбек Касымгалиев. – Ведь на данных участках капитальный ремонт не проводился еще с советского периода. К примеру, теперь прежние скрепления «КБ-65» будут заменены на европейское «GK-1», что, несомненно, повысит прочность крепления. Обновятся и все другие компоненты пути. И мы очень рады этому. Ведь чем новее наши пути, тем выше безопасность движения, выше скорость, лучше эксплуатационные показатели.

Между тем, по его словам, на сегодня в Костанайском регионе уже полностью завершены средний ремонт станционных путей (16,2 километра) в Костане, Сарыколе и Жаркуле.

БЕЗОПАСНОСТЬ

ШТРАФЫ НЕ ПУГАЮТ

С начала текущего года машинистами поездов на участках Алматинской дистанции пути допущено 60 случаев экстренного торможения по причине нахождения безнадзорного скота на железнодорожном пути, из них с наездом – 27 случаев.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Часто можно наблюдать безнадзорный скот, который свободно прогуливается близ железнодорожного полотна, выходит на пути, тем самым создавая опасность для движения поездов.

Между тем, имеется нормативная база, регулирующая содержание домашних животных, в частности, крупного рогатого скота. В соответствии с этими правилами, прогон КРС должен осуществляться под обязательным над-



зором их владельцев. Запрещается прогон животных в зоне железной дороги. Но, к сожалению, владельцы скота демонстрируют пренебрежение к утвержденным правилам, и даже предусмотренный штраф за неорганизованный выпас скота вблизи железнодорожного полотна их не пугает.

– Скот без сопровождения пастухов выходит на пути и провоцирует экстренные торможения пассажирских и грузовых поездов. Беспечность владельцев скота дорого обходится железнодорожникам. Положение с наездами на скот в регионе остается крайне неблагоприятным. Ситуация с наездами на людей и автотранспорт тоже оставляет желать лучшего, – говорит начальник

Алматинской дистанции пути Султан Буромбаев.

Действительно, не лучшим образом обстоят дела с наездами на людей. Только с начала года в пределах Алматинской дистанции пути машинистами допущено 108 случаев экстренных торможений по причине нахождения людей на пути, из них 7 случаев с травмами.

Каждый случай, произошедший на железнодорожном транспорте, трагичен и несет печальные последствия. В основном, под состав попадают люди в нетрезвом состоянии или любители громкой музыки в наушниках.

Во избежание случаев по недопущению наездов на людей в регионе ведется работа с жителями раздельных пунктов, разъяснение в учебных заведениях, школах, организуются совместные рейды с транспортной полицией. Кроме того, установлены предупреждающие аншлаги вдоль путей на станциях, публикуются материалы в средствах массовой информации, проводятся регулярные обращения к жителям населенных пунктов, близлежащих к железной дороге, фермерским хозяйствам и частным предпринимателям с просьбой соблюдать правила выпаса домашних животных.

Как считают железнодорожники, все проводимые мероприятия не дают положительного эффекта, необходимо содействие местной исполнительной власти, которая порой занимает пассивную позицию, а также сознание граждан, находящихся в зоне повышенной опасности и скотовладельцев.

Фото автора

НОВОСТИ

ПЕРЕШЛИ НА «ЦИФРУ»



Железнодорожные перевозки внутри Казахстана переведены в цифровой формат. К настоящему времени с грузоотправителями и грузополучателями заключено порядка 12 тысяч договоров о применении безбумажной технологии при оформлении электронного перевозочного документа.

Сегодня 90% объема среднесуточного оформления документов внутри страны переведено в цифровой формат, сообщили в АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки».

Цифровые технологии ускорили время и улучшили качество предоставления услуг. Переход на безбумажные технологии дает возможность грузоотправителям удаленно, со своего рабочего места, совершать в личном кабинете через автоматизированную систему управления «Договорная и коммерческая работа» (АСУ ДКР) все необходимые операции по оформлению перевозочных документов.

АСУ ДКР охватила 456 станций Казахстана, в системе работают порядка 37 тысяч клиентов и задействованы более 7 000 работников АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки».

В системе согласовываются заявки с департаментом формирования плана, доходов и перевозок АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки», автоматизированной системой «МЕСПЛАН», которая включает заявки на перевозку грузов назначением в страны СНГ, терминалами порта Актау и оператором вагонов АО «КТЖ Express».

Успешно осуществляются безбумажные перевозки порожних и груженых вагонов, следующих на станции назначения Российской Федерации.

Роман ЛЮБИМОВ

ПЛАНИРОВАНИЕ В НОВОМ ФОРМАТЕ

В АО «НК «ҚТЖ» состоялось совещание по внедрению проекта «Интегрированная система планирования» в АО «Қазтеміртранс» в рамках программы «Цифровая трансформация» компании. В ходе встречи участники обсудили цели и задачи для успешной реализации проекта.

В рамках программы «Цифровая трансформация» в 2017 году стартовал проект «Интегрированная система планирования», которая была направлена на совершенствование процессов как среднесрочного, так и оперативного планирования в компании. За три года уже автоматизирован ряд процессов и разработана интегрированная система планирования АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки».

Внедрение проекта в АО «Қазтеміртранс» позволит интегрировать компанию в единую автоматизированную систему планирования грузовых перевозок. К тому же применение таких инструментов, как анализ больших данных, предиктивная аналитика и машинное обучение позволит планировать в совершенно новом цифровом формате, в более сжатые сроки, с точными показателями, глубокой аналитикой и повышенной прозрачностью.

К слову, для достижения данных целей, в первую очередь, необходимо разработать методологию нового процесса планирования, описывающего данные, методы расчетов и логику планирования. За основу предполагается использовать опыт прошлых лет. В частности, максимальное использование источников данных, справочников и прогнозов ИСП АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» для приведения методики планирования к единому формату и максимальной унификации предпосылки, используемых в планировании ҚТЖ и ҚТТ.

– Разработка и применение методологии обеспечит дальнейшее развитие среднесрочного планирования ремонтов и разработку инвестиционной программы, а также планирования работы парка – месячное или суточное, – подчеркнула директор департамента экономики и планирования – директор проекта Айгуль Нурпеисова.

В завершение встречи она обратила особое внимание сотрудников АО «Қазтеміртранс» на важность вовлечения и заинтересованности каждого причастного, от которого зависит успех и качественная реализация проекта.

Айлин БАУРЖАН

ИДУТ В НАРОД

Только с начала 2020 года сотрудниками линейного отдела полиции на станции Оскемен-1 к административной ответственности привлечены 870 человек, пытавшихся перейти железнодорожные пути в неполюженном месте.

Так, согласно части 5 статьи 159 КоАП Республики Казахстан за проход по железнодорожным путям в неустановленных местах предусмотрено наказание в виде предупреждения или штрафа в размере трех месячных расчетных показателей.

По словам начальника отделения административной полиции ЛОП на станции Оскемен-1 майора полиции Даурена Хамзина, основными причинами трагедий на железнодорожных объектах являются невнимательность, беспечность граждан. К сожалению, за указанный период было зарегистрировано 3 факта травмирования людей, 2 из них со смертельным исходом.

В этой связи, в целях повышения правовой грамотности транспортными полицейскими на постоянной основе проводятся рейдовые и профилактические мероприятия, также встречи с населением, в рамках которых разъясняются правила безопасности нахождения на объектах железнодорожного транспорта.

– Во время летних каникул особое внимание уделяно предупреждению детского травматизма, несчастных случаев, также нахождение детей вне жилых помещений в ночное время без сопровождения законных представителей, – подчеркнула Даурен Хамзин.

Именно поэтому сотрудники «идут в народ» и призывают граждан проявлять бдительность. Лучше быть излишне внимательным, чем оказаться в беде.

Асель ШАЙХЫНОВА

РАЦИОНАЛИЗАТОРСТВО

ГЛАВНОЕ – ЭФФЕКТИВНОСТЬ

В Павлодарском отделении магистральной сети, как и в ГП, есть группа молодых людей, которые активно занимаются внедрением усовершенствований в производственной сфере, применение которых значительно упрощает технологические процессы на железной дороге. Один из них – инженер пути производственно-технического отдела Екибастузской дистанции пути Даурен Билялов.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Молодой человек с коллегами разработали немало рационализаторских предложений. Например, проект по уменьшению количества выброшенных деревянных шпал узлом сбора комплексом путеукладочной машины SMD-80. В этой работе ему помог ведущий инженер ПТО Еркін Алжанбаев.

– Его применение направлено на максимальный выход старых демонтированных деревянных шпал, которые будут отгружены на специальные платформы и транспортированы на производственную базу для выгрузки, так как нестандартные шпалы остаются на месте и требуют сбора с применением

ручного труда с погрузкой на автотранспорт или ССПС, что приводит к дополнительным затратам. Разработанный метод привел к экономии, уменьшив транспортные и погрузочно-выгрузочные работы с применением как ручного, так и механизированного труда, – рассказывает Даурен Билялов.

Трудовую деятельность молодой специалист начал в филиале ОАО «Теміржол жөндеу» – «ПМС Астана» в 2004 году, после продолжил работу в филиале АО «НК «ҚТЖ» – «ПЧМ» участка Екибастуз. Здесь впервые стал участником новаторской деятельности. Он много учился у старших коллег-рационализаторов. С переводом в 2014 году на должность инженера пути производственно-технического отдела ПЧ Екибастуза ежегодно с коллегами

внедряет рационализаторские предложения.

Даурен много учится и старается осваивать новые навыки в своей профессии. В 2004 году окончил Казахский аграрный университет имени С. Сейфуллина по специальности «механизация сельскохозяйственного производства», в 2010-м – Екибастузский инженерно-технический институт имени К. Сатпаева по специальности «электроэнергетика». Спустя шесть лет освоил специальность «строительство» – образовательная программа «Строительство железных дорог».

Сегодня на его счету 16 новаторских разработок. Все они направлены на улучшение технологических процессов, условий труда и безопасности движения в сфере путевого хозяйства.

Фото автора

ТУРКСИБУ – 90 ЛЕТ

ЗНАТОКИ ИСТОРИИ

В АО «НК «ҚТЖ» подвели итоги «онлайн»-викторины «Знаете ли вы Турксибу?».

Алибек ТОЛЕГЕН

Главный инженер АО «НК «Қазақстан темір жолы» Батыр Котырев и генеральный директор АО «Пассажи́рские перевозки» Пётр Штурм провели церемонию награждения победителей «онлайн»-викторины «Знаете ли вы Турксибу?».



– Гордость переполняет за таких сотрудников, тем более, что они работают в разных структурах ҚТЖ и уже вносят свой вклад в развитие железнодорожной отрасли нашей страны. Будущее железной дороги в надежных руках, – подчеркнул он.

ЖЕҢІСКЕ – 75 ЖЫЛ

«ТАҒЗЫМ» – ЕРЛІК ШЕЖІРЕСІ

Қарт түбектен Ұлы Отан соғысына аттанып, кешегі қан майданға қатысқан майдангерлер жайлы әр жылдары «Тағзым» атты ерлік кітабы жарық көрген болатын. Төрт томы шыққан сол кітапқа теміржолшы-ардагерлер еңбеген екен. Өткен жылы бұл қателік түзетілді.

Шахидә ЖҰМАН, Маңғыстау

Құрметті теміржолшы, Маңғыстау теміржолының ардагерлер кеңесі төрағасы Аманжол Алдабергенов пен кеңес мүшелерінің ізденісі мен ерен еңбегінің нәтижесінде «Тағзымның» бесінші томынан ҰОС қатысқан теміржолшы-ардагерлер де орын алды. Жинақта 26 ардагердің өмірбаяны мен фотосуреттері жарық көрді.

мұрағаттарды ақтарып, дерек жинадық. Оңай болған жоқ. Ол кездерде қазіргідей суретке түсу қайда, бірінің суретін алсақ, басқа дерегі жоқ, енді бірінің жақындарын таба алмай қиналдык. Шамамыз жеткенінше іздегімізді таптық. Соның өзінде ұрпақтары жоқ, олармен байланыс үзілген ардагерлер туралы ештеңе болмай, кітапқа кірмей қалды. Бірақ, әлі де хабарласып жатқандар бар, тізім әлі де толықтығына болады деп ойлаймыз, – дейді Маңғыстау теміржолының ардагерлер кеңесі төрағасы Аманжол Алдабергенов.



генерал жол дистанциясының жол монтері болып еңбек етті. «Қызыл жұлдыз» орденді Дүйсенғали Көшеров Бейнеу жол дистанциясында есепші болса, Балым Жұмағалиев жол монтері еді. ІІ дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденді Минаодин Джолдасов та жол монтері болып зейнетке шыққанша еңбек еткен. І-ІІ дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен марапатталған, «Мақат-Ақтау» теміржол құрылысына қатысқан Шапап Нұрмағанбетов Маңғыстау локомотив депосында маңдайалды машинист болды, «Ерлігі үшін» медалі мен ІІ дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденінің иегері Байназар Бейнеубаев та озат машинист болды. «Еңбек Қызыл Ту», Ұлы Отан соғысының І дәрежелі ордендерінің иегері Бораш Сүйеубаев Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясында электромонтер болды, ал «Қызыл жұлдыз», «Ұлы Отан соғысы» ордендерінің иегері Жұбандық Досжанов Маңғыстау бөлімшесінде диспетчер болып қызмет атқарған. Қызыл жұлдыз орденді Набихан Бекбауов вагон

депосында вагон қараушы болса, Қызыл жұлдыз орденді тағы бір ардагер Али Жұмайев талай жыл пойыз жүргізген машинист еді. ІІ дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталған Ахмет Алмуратов та жол дистанциясында кәсіби жолшы болды. Сары Жолдасбаев – Балтық теңізі жағалауындағы фашист басқыншыларымен соғысып, «Қызыл жұлдыз», «ІІ дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен марапатталған ардагер. Зулхан Сақтағанов пен ІІІ дәрежелі Даңқ орденді ардагер Сүлеймен Ташекенов жол шаруашылығында еңбек етті.

АКЦИЯ

ДЕЙСТВЕННЫЙ ТАНДЕМ

Железнодорожники совместно с сотрудниками линейного управления полиции на станции Алматы-1 провели широко-масштабную акцию «Чистый вокзал».

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы



Так, по результатам двух дней проводимой работы были зафиксированы нарушения по статье 449 «Приставание в общественных местах» – 5, по статье 434-2 «Загрязнение общественных мест» – 2, по статье 204 «Торговля в неу-

режима. Зафиксировано 6 случаев, все правонарушители оштрафованы на общую сумму 76395 тенге, – отметил начальник отделения административной полиции ЛУП на станции Алматы-1 Жандар Абдиқапаров.

Logo and contact information for NUR MEDIA, including website and social media links.

Contact information for the 'Nur-Media' editorial office, including phone numbers and email addresses.

Information about the newspaper's printing process, including details about the printing plant and quality control.

Contact information for the newspaper's advertising and circulation departments.



Поздравляем!

САУРБАЕВА КАЙРАТА АБЕНОВИЧА – генерального директора – председателя правления АО «КТЖ – Грузовые перевозки» (27 августа).

ФОТОКОНКУРС

Ровно неделя осталась до завершения фотоконкурса, посвященного юбилею Туркестано-Сибирской магистрали.



Фотоконкурс, посвященный юбилею Турксиба, завершится 1 сентября текущего года. Напомним, цель конкурса – отразить через фотографии историю и развитие железной дороги Казахстана, связь поколений и добрые традиции, которыми славится стальная магистраль. Теперь к участию в фотоконкурсе принимаются фотографии по двум номинациям.

Первая номинация – «Турксиб: прошлое и настоящее». Организаторы фотоконкурса разместили на корпоративном сайте АО «НК «КТЖ» в разделе «Турксибу-90» фотографии прошлых лет. Участники конкурса должны предоставить современные снимки тех объектов, которые изображены на ретро-фотографиях.

ТУРКСИБКЕ – 90 ЖЫЛ

АЛМАТЫ-1 СТАНЦИЯСЫ ҚАЛАЙ САЛЫНДЫ?

Осыдан түп-тура 90 жыл бұрын Алматыға алғашқы пойыз келді. Сол кезде бұл оқиға туралы Одақ бойынша барлық газеттер жабыла жазып, оқиға орнынан хабар таратып жатты.

«...причалил первый в 10-ти километрах от города открытый сухопутный порт столицы Казахской республики» деп жазды. Бұл қазіргі Алматы-1 станциясы орналасқан жер еді.

Челлендж

СЛОВА НЕ РАСХОДЯТСЯ С ДЕЛОМ

Столичные железнодорожники запустили челлендж «Помоги ветерану». Они призвали коллег в рамках социального-благотворительного проекта «Жеңіс» помочь пожилым людям по хозяйству, расчистить дачные и садовые участки, в покупке и доставке продуктов, лекарственных препаратов и в других бытовых вопросах.



С каждым годом ветеранов Великой Отечественной войны и тружеников тыла, к сожалению, становится все меньше. Многие из них проживают в полном одиночестве: друзья и сослуживцы ушли из жизни, а дети порой заняты своими заботами. Между тем, многие из них, прежде всего, нуждаются во внимании. Если раньше их часто навещали и приглашали на различные мероприятия, то сегодня они практически не выходят из дома.

Руслан РАХМЕТОВ Фото автора